

Степногорск қаласы бойынша халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы

Ақмола облысы Степногорск қалалық мәслихатының 2023 жылғы 22 желтоқсандағы № 8С-9/5 шешімі

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 365-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 15-тармақшасына, "Халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифті есептеу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 14 қыркүйектегі № 377 бұйрығына сәйкес, Степногорск қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Степногорск қаласы бойынша халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер бекітілсін.

2. Қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, сұрыптауды және көмуді жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілері (кәсіпкерлік қызметті жоспарлайтын немесе жүзеге асыратын), арнаулы ұйымдар тарифтерді қолданыстағы заңнамада көзделген талаптарға сәйкес және қажет болған жағдайда хабарлама және рұқсат беру құжаттарының болуын жүзеге асыратын қосымшада көрсетілген қызметтер (операциялар) түрлері бойынша ғана қолданылады.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихаттың төрағасы

О.Жағыпаров

Степногорск қалалық
мәслихатының

2023 жылғы 22 желтоқсандағы
№ 8С-9/5 шешіміне
қосымша

Степногорск қаласы бойынша халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер

Қызмет атауы (операциялар)	Есептік бірлік	Сома (қосылған құн салығын қоспағанда)
Жинау және тасымалдау		
Жайлы және жайлы емес үйлер	айына 1 тұрғыннан	263,51 тг.
Сұрыптау		

Жайлы және жайлы емес үйлер	айына 1 тұрғыннан	84,09 тг.
Көму		
Жайлы және жайлы емес үйлер	айына 1 тұрғыннан	110,06 тг.
Бір бірлігіне (көлеміне) жылдық тариф	1 м ³	3163 тг.
Жайлы және жайлы емес үйлер		

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК